

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР

Айжан  
ЖАКУПБАЕВА\*

Магистрант, Басқару институты, Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,  
Астана, Қазақстан, [A.Zhakupbayeva@apa.kz](mailto:A.Zhakupbayeva@apa.kz)

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 14/12/2022

DOI: 10.52123/1994-2370-2023-985

ӨОЖ 349.414

FTAXTK 10.55.31

**Аңдатпа.** Қазіргі заман талабына сәйкес, Қазақстандағы жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісінде цифрлық құралдарды жұмыс процесінде пайдалану мемлекеттік қызметшілер мен қоғам тарапынан оң көзқарасты қалыптастырады деп айтуға болады. Елімізде жер саясатын дамытуда цифрландырудың алатын орны ерекше. Мақаланың негізгі мақсаты – жер саясатында мемлекеттік қызметтерді көрсетуде цифрлық технологиялардың тиімділігін жан-жақты қарастыру және нақты тиімді шешімдерге назар аудару. Мақалада Қазақстан Республикасының жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінде туындайтын мәселелер талданып, оларды шешу жолдары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** жер қатынастары саласы, цифрландыру, мемлекеттік қызметтер, электрондық үкімет, Е-лицензиялау.

**Abstract.** In accordance with the requirements of modernity in the process of providing public services in the field of land relations in Kazakhstan, it can be said that the use of digital tools in the process of work forms a positive attitude on the part of civil servants and society. Digitalization plays a special role in the development of land policy in our country. The main purpose of the article is to comprehensively consider the effectiveness of digital technologies in the provision of public services in land policy and focus on real effective solutions. The article analyzes the problems that arise in the process of providing public services in the field of land relations of the Republic of Kazakhstan and considers ways to solve them.

**Keywords:** sphere of land relations, digitalization, public services, e-government, E-license.

**Аннотация.** В соответствии с требованиями современности в процессе оказания государственных услуг в сфере земельных отношений в Казахстане можно сказать, что использование цифровых инструментов в процессе работы формирует положительное отношение со стороны государственных служащих и общество. Цифровизация играет особую роль в развитии земельной политики в нашей стране. Основная цель статьи – всесторонне рассмотреть эффективность цифровых технологий при оказании государственных услуг в земельной политике и акцентировать внимание на реальных эффективных решениях. В статье анализируются проблемы, возникающие при процессе оказания государственных услуг в сфере земельных отношений Республики Казахстан и рассмотрены пути их решения.

**Ключевые слова:** сфера земельных отношений, цифровизация, госуслуги, электронное правительство, Е-лицензирование.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін қарқынды жұмыстар атқарылып жатыр.

Сондықтан ел Президенті «Халық үніне құлақ асатын мемлекетті» қалыптастыруға жаңа бастама берді. Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасы: мемлекеттік органдардың алдына мемлекет пен қоғам

арасындағы қатынастардың «бюрократиялық» моделінен сервистік мемлекет моделіне көшудің маңыздылығы айқындалды (Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2021).

Бүгінгі күні әрбір мемлекеттік органда көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тиімділігі жоғары болуы үшін алға қойылған мақсат мемлекеттік

\*Хат-хабарларға арналған автор: А. Жакупбаева, [A.Zhakupbayeva@apa.kz](mailto:A.Zhakupbayeva@apa.kz)

көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі болып табылады.

«Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде 2025 жылы цифрланған жер деректерінің үлесі 95% жеткізіліп, маңызды бағыттардың бірі Мемлекеттік қызметтер смартфонда 5 минут ішінде көрсетілу 100% орындау көзделген (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 2021).

Қазақстанда жер қатынастары саласын цифрландыру – өте маңызды қадам. Өйткені, еліміз үлкен, жері көп. Мәселені халық санына қарай қарастыратын болсақ, Қазақстан жер ресурстарымен қамтамасыз ету тұрғысынан цифрландыру саласы өте қолайлы. Бірақ сонымен бірге, тұрғындардың бұл тұрғыда мемлекеттік қызметтер алу кезінде белгілі бір мәселелері бар, соның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы мен ауыл шаруашылығы жерлерін алу. Цифрлық қызметтерді енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетеді. Сонымен қатар, жер мәселесі бойынша өтінішті тіпті үйден, веб-сайт арқылы беруге болады. Ал мұндай жағдайда тұлғалардың кез-келген мемлекеттік қызметшілермен тікелей байланысы болмайды. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жеке және заңды тұлғаларға қызметті алуда қолайлылық және қолжетімділік сипатында көрсету қадамдарын қамтамасыздандыру қажет. Қазақстан Республикасындағы әрбір жергілікті өңірлерде жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын бақылап және оны ары қарай жетілдіру бағытында кемшіліктер көрінеді. Бұл жағдайға көп түрлі фактор ықпал етеді. Мәселен, атап айтсақ кейбір мемлекеттік қызметтер әлі цифрландырылмағандықтан онлайн көрсетілмейді, сонымен қатар «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасында техникалық жағдайлар бұл мәселені одан сайын ушықтыра бастайды. Жалпы жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасын одан сайын жетілдірумен қатар, тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге, билік пен халықтың ара қатынасын жылдам, ыңғайлы және толыққанды тиімді етуге болады.

## **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Зерттеу үрдісінде әртүрлі әдістер қолданылған, атап айтқанда, теориялық, салыстырмалы және аналитикалық талдау. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты құжат айналымына талдау жүргізіліп, материал ретінде алынды. «Электрондық үкімет» порталындағы қолжетімділікке қатысты, «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесіндегі, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу барысында туындаған мәселелерге қатысты мәліметтер алынды. Шетелдік және отандық ғалымдардың мемлекеттік қызмет терминіне қатысты пікірлері келтірілген.

«Талдау» әдісі – жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде туындайтын мәселе туралы түсінік, бағалау және негізді қорытындылар жасау мүмкіндігін беретін теориялық әдістің бір түрі.

## **Зерттеу нәтижелері**

Елімізде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігінің әдістемелік мәселелерін жетілдіру бағытында саясаттану ғылымдарының кандидаты С.Г. Капаров сынды ғалымдар үлкен үлесін қосты. «Мемлекеттік қызмет көрсету» терминіне жан-жақты талдау жүргізген. Мәселен, ауқымды және құрылымы жағынан мемлекеттік және жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы кітабында теориялық зерттеу нәтижелері жинақталып, жергілікті мемлекеттік басқарудың әр тарабынан қарастырылып, әртүрлі жақтарына талдау жасалып, зерттеулер жүргізілген. Автор қызмет көрсетуге бағытталған өз пікірін жеткізген.

«Қызмет көрсету» деген сөздің мағынасын ашып қарастырғанда, ең алғашқы кезекте бұл түсініктің экономикалық мазмұны жағымен танысамыз. Егер «Қызмет көрсету» терминінің мағынасына тоқталсақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасында мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және

олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі. (Капаров, 2012).

Бүгінгі күні, Қазақстан Республикасында жер қатынастары саласында халыққа қызмет көрсету барысында жеткен жетістіктер жеткілікті түрде бар болғанымен, алайда заңнамалар базасында мемлекеттік қызмет көрсетуді реттейтін әртүрлі құқықтық нормативтік актілер (Қазақстан Республикасының Жер Кодексі, қағидалар, қаулылар, өкімдер, бұйрықтар) тым көп болуына сәйкес, мемлекеттік қызмет алушы және мемлекеттік қызмет берушілердің құқықтарында көптеген сәйкессіздіктер кеңінен орын алу барысында, яғни құқықтық нормативтік актімен белгіленген мемлекет және тұлғалардың арасындағы өзара құқықтық әрекет жасау нормалары түсініксіз, ал кейбір жерде құқық нормаларының коллизиясын және құқықтық олқылықтарды тудыруда.

Заң ғылымдарының кандидаты, ғылыми қызметкер Л.К. Терещенко мемлекеттік қызмет көрсету, бірінші кезекте, қызмет көрсетуші субъектіні, яғни мемлекеттік органдарды сипаттайды деп өз пікірін білдірген болатын. Қоғамдық қызмет көрсету саласына мемлекеттік және мемлекеттік ұйымдардың қызметі жатқызылатындығын түсіндірген. Таяу шетелді мемлекеттер мен отандық ғалымдар зерттеулерінде әзірше мемлекеттік қызмет ұсыну тиімділігінің нысаналы көрсеткіштерінің теория мәселелері мен бірінші кезекте олардың сапасы мен қол жетімділігін бақылауға ала отырып, қолдану тәжірибиесі маңызды сипат алмай тұр (Терещенко, 2004).

Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылдың 1 қазанындағы № 301 бұйрығымен бекітілген жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін жұмыс барысында бірінші ретте мемлекеттік қызметтерді алуға қолжетімділікке, ашықтыққа, қызмет

көрсету сапасын мен мерзімдерін сақтауға бағытталады.

Қазіргі уақытта жер телімдерін беру бағытында көрсетілетін мемлекеттік қызмет мерзімдері айтарлықтай қысқарды. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-бабына өзгеріс енгізіліп, жер учаскесіне құқық беру тәртібі екі айдан 15 жұмыс күніне дейін қысқартылып, жеке және заңды тұлғаларға жер учаскесін табыстау рәсімі оңтайландырылған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазанындағы №301 бұйрығымен жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі жаңа қағида бекітілген (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі, 2020).

Нәтижесінде

- «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 7 жұмыс күнінен 4 жұмыс күніне;

- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 30 жұмыс күнінен 13 жұмыс күніне;

- «Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 50 жұмыс күнінен 46 жұмыс күніне;

- «Сауда – саттықты (конкурстарды, аукциондарды) талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 30 жұмыс күнінен 15 жұмыс күніне;

- «Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметтерін көрсету мерзімдері 15 жұмыс күнінен 5 жұмыс күніне қысқартылды (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2013).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бағытында көптеген зерттеулер жүргізілген қолжетімді және сапалы мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету бойынша шаралардың тиімділігін айқындау жөніндегі экономика ғылымдарының докторы Б. Майдырованың, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бейіні бойынша PhD докторы С.Муксимовтың монографиясында мемлекеттік қызмет

көрсету саласын жетілдіруге қатысты зерттеулері аса маңызды екендігін атап өткен жөн. Сонымен бірге, авторлар мемлекеттік қызметтер сапасын басқару мәселелері зерттелген ғылыми жұмыста әкімшілік реформалар мемлекеттік органның заманауи қозғалмалы қоғамдық-политикалық басқаруды реттеуге қабілеттілігін, әлемдегі алдыңғы қатардағы елдердің тәжірибиелерін қолдана отырып, тиімді қызмет атқаратын мемлекеттік аппарат құруға ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіру қалай жүзеге асырылатындығы, электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін көрсетілетін қызметті берушінің әкімшілік процестерін түрлендіру рәсімін қарастырған (Майдырова, Муксимов, 2015).

Ал әлеуметтану ғылымдарының кандидаты М.С.Нұртазин өзінің «Қазақстандағы жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйелері» атты еңбегінде жалпы мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесінің қоғамды дамыту ісінде аса маңызды рөл атқаратынына тоқталып мемлекеттік қызметтер сапасының деңгейі елдің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерінің бірі болып табылатындығына аса назар аударған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының электронды үкіметі енгізілуінің маңыздылығына ерекше мән бере отырып сипаттаған. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық, мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділікті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы бұрынғы халыққа қызмет көрсету орталығының үлесін баса айқындаған (Нұртазин, 2016).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті жер саласындағы мемлекеттік қызметтерді 2012 жылы «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінде автоматтандырды.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылдың

1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына» сәйкес жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» қызметін көрсетеді. Осылайша, аталған мемлекеттік қызметті көрсету «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады, ал қызмет көрсетудің нәтижесі жер учаскесін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрық немесе бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады. Қазіргі уақытта жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрықтың мәтінін «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінде мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты маман өз бетінше жазбаша түрде қалыптастырады, бұл айтарлықтай уақытты және ресурстарды талап етеді. Осы үрдісті оңтайландыру мақсатында бұйрықты «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініш берген кезде өтініш беруші енгізген мәліметтер негізінде түзету мүмкіндігімен бірегей мәтін жобасын өздігінен автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша мәселені шешуге болады.

Қазақстанда жер ресурстарын басқару саласында бірыңғай және мақсатты мемлекеттік саясатты жүргізу мақсатында жер ресурстарын дамыту тұжырымдамасын, оның ішінде геодезия мен картографияны дамытудың перспективалық көрінісін әзірлеу қажет. Осындай стратегиялық құжат негізінде жер ресурстарын басқару жөніндегі функцияларды кешенді бекітуді жүргізу жер саласында мемлекеттік қызметтерді цифрландыру үрдісіне оң әсерін береді деп сенімді айтуға болады.

Заң ғылымдарының докторлары Э.Сидоренко, И. Барциц, заң ғылымының кандидаты З.Хисамованың пікірлерінше мемлекеттік басқару саласына цифрландыруды енгізудің негізгі мақсаты бизнес-процестерді оңтайландыру және интеграциялау, цифрлық құрал арқылы ақпарат пен деректерді тиімді басқару, халықтың электрондық форматта алатын мемлекеттік қызметтер санын арттыру, сондай-ақ БҰҰ-ның мемлекеттік



қызметтер көрсету саласын дамытудағы мүмкіндіктерін арттыру үшін көрсетілетін қызметті алушылармен байланыс арналарын кеңейту болып табылады (Сидоренко, Барциц, Хисамова, 2019).

Осыған орай жоғарыдағы талдауларға сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуді тиімді жағынан пайдалану қажет. Мемлекеттік қызметтердің сапасы халыққа тигізетін әсерін анықтап алу қажет. Әрбір мемлекеттік қызметкер көрсететін мемлекеттік қызметтердің ең басты мақсаты мемлекеттік қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау қажеттілігі болып табылады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2019 жылдан бері кезең-кезеңімен Қазақстанда жергілікті атқарушы органдардың геоақпараттық порталы құрылды (Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі, 2021). Мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциясы өтіп, сондай-ақ жер қатынастар саласындағы мемлекеттік қызметтер автоматтандырылды. Бұған қоса, «Мемлекеттік жер кадастры» ақпараттық жүйесімен интеграциялаумен қарқынды жұмыстар жасалды. Қазіргі уақытта геопортал жер саласында мемлекеттік қызметтерді алу бойынша өзекті салалық мәліметтермен толықтырылуда. Геопорталға жергілікті атқарушы органдардың егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен қаланың Бас жоспары және инженерлік жүйелері (газ, су, кәріз, жарық, жылу жүйелері) бойынша электронды ақпараттары жинақталып, енгізілгендіктен мемлекеттік қызметті алушыларға қажетті деректер алуға өте қолайлы.

2021 жылы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №252 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына» сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану мониторингі бойынша космомониторинг жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар Qoldau.kz. веб-порталында жасалды. Qoldau.kz порталы

барлық ауыл шаруашылығы алқаптары бойынша ақпаратпен толықтырылған. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша егістік жерлер, жайылымдар, шабындықтар цифрландырылған. Мемлекеттік жер кадастры автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне аудандар шекаралары, есептік квартал шекаралары, жер учаскелері туралы толық ақпарат енгізілген. Аталған жүйенің құрамындағы «Веб-ОЗО» кіші жүйесінің Жер балансы модулі бойынша жергілікті атқарушы органдар кесіндісінде барлық жер иелері мен пайдаланушылар туралы мәліметтермен қамтылған. Бұл мемлекеттік қызметкерлердің жер саласында қызмет көрсету кезінде жер пайдаланушылардан артық құжат сұрастырмай жүйенің көмегімен ғана қажетті деректерді пайдаланып кедергісіз жұмыс атқаруға үлкен қолдау көрсетеді.


Қазақстанда жер саласында мемлекеттік қызмет көрсету барысына цифрландыру үрдісіне оң әсер еткен тарихи факторларды атап өткен жөн. Қазақстан көлемінде 2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін жер ресурстарын түгіндеу жүргізіліп, барлық санаттағы жер қатары бірінші кезекте ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ретке келтірілді. Бұл мемлекеттік қызмет көрсету барысында құжаттардан атап айтсақ, геодезиялық өлшемдерді алу кезінде және жеке координаттар жүйесіндегі ақпараттардың нақтылануына себеп болды.

2022 жылдың қоғамдық мониторинг жүргізу рәсімдері шеңберінде ағымдағы жылы мемлекеттік аппарат қызметін бюрократияландыру бойынша сауалнама жүргізілді. Осы зерттеудің мақсаты көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдеріне қанағаттану деңгейін айқындау, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету барысында мемлекеттік органдарда бюрократия және әуре-сарсаңға салу жайттары қаншалықты кез болатынын анықтау болып табылады.

Қоғамдық мониторинг мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл кезінде бюрократияланбау дәрежесі туралы жер қатынастары саласында екі мемлекеттік қызмет бойынша халықтың пікірі анықталды. Қоғамдық мониторинг шеңберінде

мемлекеттік аппаратта бюрократияның болуы туралы қоғамдық пікір зерделенді. Сауалнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметтер бөлінісінде бюрократия және әуре-сарсаң туралы деректерге тоқталсақ, 28 іріктеп алынған мемлекеттік қызметтер тізімінен жер қатынастары саласында «Елді мекендер шегінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызметі бойынша «Сіз мемлекеттік органдар мен ұйымдарда

бюрократия мен әуре-сарсаңға тап болдыңыз ба?» деген сауалға 8,8% иә деп жауап бергендер санымен 7 орында, ал «Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау» 2,2 % пайызбен 21 орынға жайғасты (Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жүргізілген қоғамдық мониторингтеу өткізу бойынша әлеуметтік зерттеуінің нәтижелері, 2022).




*Дереккөз негізінде құрастырылған (мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізудің қорытындылары туралы есебі, 2022)*

### Сурет-1 Қоғамдық мониторинг сауалнама нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарда жер қатынастары саласында көрсетілетін қызметтерді алу кезінде туындаған бюрократия мен әуре-сарсаңға тап болу деңгейі

«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметі электрондық үкімет порталы арқылы техникалық себептерге байланысты уақытша қолжетімсіз болғандықтан, 8,80 пайызбен бюрократиялану деңгейі жоғары көрсеткіш беріп отыр.

Жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес (ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген) өтінішті тек электронды үкімет порталы арқылы (egov.kz) беру тәсілі көзделген. Алайда, электронды үкімет порталында мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігіне бақылау жүргізу барысында бұл қызмет көп жағдайларда портал арқылы қолжетімсіз болып тұрады. Бұл ретте, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін реттейтін қолданыстағы

Қағидаларда мемлекеттік қызметтер реестрінде көзделген өтініш берудің түсіндірме рәсімі жоқ. Бүгінде өтінімдерді қабылдау "Ашық әкімдік" фронт кеңсесі арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты өтініш берген кезде «Лицензиялау» мемлекеттік базасы ақпараттық жүйесінде (Назар аударыңыз! Мемлекеттік орган тарапынан техникалық жұмыстар жүргізілуде) деген шектеулер кездеседі. Нәтижесінде мемлекеттік қызметтер реестрінде өтініштерді берудің және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін Мемлекеттік корпорация, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі, портал арқылы берудің баламалы тәсіліне жүгінуге тура келеді. (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі, 2020) «Электрондық үкімет» порталында аталған қызметтің қолжетімділігін қалпына келтіру қажет (Сурет-1).



Дереккөз: E-gov.kz

## Сурет-2 «Электрондық үкімет» порталында аталған қызметтің қолжетімділігіне байланысты туындайтын мәселе көрінісі

Құжатарға талдау жүргізу барысында жер заңнамасында осы уақытқа дейін шешімін таппаған бірқатар туындаған мәселелер анықталды:

Ұсыныс 1. Көрсетілетін қызметтің «Egov.kz» порталында қолжетімділік мүмкіндігін қарастыру. Бүгінгі күні «Елді мекен шегінде жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қызмет көрсету нысаны – электрондық, алайда, аталған қызмет веб-порталда қолжетімсіз.

Ұсыныс 2. Ақпараттық жүйелердің техникалық іркілістері мен кемшіліктерін жою.

Ұсыныс 3. Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызмет көрсету барысында әкімшілік кедергілер белгілері мен артық талаптарды мемлекеттік қызмет көрсету кезеңінде айқындау, мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыру кезінде клиентке бағдарлануды және сервистікті енгізу бойынша тәсілдерді қалыптастыру, мемлекеттік органдардың қалыпты қызметіне кедергі келтіретін, адами және материалдық ресурстарды негізсіз қосымша пайдалануға әкеп соғатын артық ішкі әкімшілік рәсімдерді тудыратын белгілер мен жағдайларды жою арқылы бюрократиялық рәсімдерді еңсеру мүмкіндіктерін қарастырған жөн.

### Қорытынды

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сай жер қатынастары бағытында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін, шарттары мен мерзімдерін реттейтін заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды қабылдау сапалы көрсеткіштерге жету үшін Қазақстанда жер ресурстарын басқаруда өте маңызды орын алатын жетекші фактор екендігі мәлім.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер «сапа», «қол жетімділік» атты өлшемшарттармен өлшенеді. Қазақстан бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің іске асырудың іс жүзіндегі тәжірибесі оның сапасы, қол жетімділігіндегі мәселелер оларды орындауда жергілікті атқарушы органдарда туындайтын техникалық немесе құқықтық деңгейде қиындықтарға тап болатындығын анық көрсетеді.

Осыған орай, жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетуді оңтайландыруды заңнамалар мен цифрлық технологиялардың жұмысын бірге интеграциялау арқылы бизнес-үрдістерді қадам-қадам бойынша жетілдіру жолымен іске асыру қажет. «Е-лицензиялау» мемлекеттік базасы ақпараттық жүйесін модернизациялау бойынша шаралар қабылдау яғни қажетті функционалдардың болмауын, сыртқы келісуші мемлекеттік органдар ретінде бірыңғай тізімге енгізуді жасау қажет.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Электрондық үкімет» порталындағы қолжетімділігін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу керек. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесін құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметті көрсету бойынша құқықтық актілердегі сәйкессіздіктерді жоюды ұсынамын. Сондай-ақ тәуекелдерді болдырмау үшін жер алу ашық түрде жүргізуге бизнес-үрдістерді қадам бойынша автоматтандыру қажет. Қорытындылай келе, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілі бөлігіне талдау жасау барысында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бір-біріне сәйкес келтіру, ережелер мен жер кодексі арасындағы құқықтық қайшылықтарды жою, техникалық мүмкіндіктерді бағалау жасалғанда әкімдіктердің құрылымдық бөлімшелерінің бір бөлігі «Е-

лицензиялау» мемлекетті деректер базасында сыртқы келісуші мемлекеттік органдар ретінде бірыңғай тізімге енгізілмегендігі, яғни ақпараттық жүйелерде қажетті функционалдардың болмауы, мемлекеттік қызметті көрсету бойынша құқықтық актілердегі сәйкессіздіктерді жою, «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясының» базаларымен интеграция жасау «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» қызмет түрін автоматтандыру мәселелерін қарастыру қажет. Аталған ұсыныстарды енгізу бұл еліміздегі цифрландыру жағдайында бүкіл жер саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапаларын одан әрі арттырумен қатар ең бастысы қызмет алушылардың құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз етіп, қызметті барынша ашық және қолжетімді етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Жаңа шабыт» қоғамдық бірлестігі. (2022). Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жүргізілген қоғамдық мониторингтеу өткізу бойынша әлеуметтік зерттеуінің нәтижелері <<https://sud.gov.kz/rus/content/rezultaty-obshchestvennogo-monitoringa-kachestva-okazaniya-gosudarstvennyh-uslug>> қаралған күні: 28.11.2022.
2. Капаров, С.Г. (2012). Стандарты государственных государственных услуг в Казахстане: Монография. Астана: Академия гос.управ. при президенте РК, С. 416.
3. Қазақстан Республикасының Президенті (2022) «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы», Жарлық № 872.
4. Қазақстан Республикасының Президенті (2021) «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы», Жарлық № 522.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі (2021) «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қаулы №727. <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000727>> қаралған күні 03.12.2022.
6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі (2020). «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы». Бұйрық № 301. <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021366>> қаралған күні: 02.12.2022.
7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі. (2019). «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары» Бұйрық № 252. <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018997>> қаралған күні: 05.12.2022.
8. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (2020). «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Бұйрық № 39/НҚ <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000019982>> қаралған күні: 03.12.2022.
9. Қазақстан Республикасының Парламенті. (2003). Жер Кодексі № 442. <[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442_)> қаралған күні: 03.12.2022.
10. Майдырова, А.Б. Муксимов С.С. (2015). Совершенствование процесса оказания государственных услуг в Республике Казахстан. Монография. Астана: Акад.гос.упр. при Президенте РК, С 211 .
11. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. (2021). 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын 2018-2020 жылдары іске асыру туралы есеп Жүгінген күні 03.12.2022 <<https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/documents/details/161189?directionId=14764&lang=kk>> қаралған күні: 03.12.2022.



12. Нуртазин М.С. (2016). Система местного государственного управления и государственной службы оку құралы.- Алматы, Бастау с 248.
13. Терещенко Л. (2004). Услуги: государственные, публичные, социальные. Журнал российского права. Москва. С. 15-23.
14. Сидоренко Э., И. Барциц, З.Хисамова, (2019) Эффективность цифрового государственного управления теоритические и прикладные аспекты. Вопросы государственного и муниципального управления. №2. с 93-114.

## REFERENCES

1. «Jana shabyt» qogamdyq birlestigi. (2022). Memlekettik korsetiletin qyzmetter sapasyna jurgizilgen qogamdyq monitorinteu otkizu boiynsha aleumettik zertteuiniń natijeleri <<https://sud.gov.kz/rus/content/rezultaty-obshchestvennogo-monitoringa-kachestva-okazaniya-gosudarstvennyh-uslug/>> Accessed 28.11.2022.
2. Kaparov, S.G. (2012). Standarty gosudarstvennyh gosudarstvennyh uslug v Kazahstane: Monografia. Astana: Akademia gos.uprav. pri prezidente RK, S. 416.
3. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti. (2022) «Memlekettik apparattyn qyzmetin bürokratiadan aryltu jonindegi sharalar turaly», Jarlyq № 872 .
4. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti. (2021) «Qazaqstan Respublikasynda memlekettik basqarudy damytudyn 2030 jylga deiingi tuyrymdamasy turaly», Jarlyq № 522.
5. Qazaqstan Respublikasynyn ukımeti(2021, 12 qazan) «Sifrlandyru, gylym jane innovasia esebinen tehnologialyq serpilis» ulttyq jobasyn bekıtu turaly» (Qaulı №727.) Jugingen kuni 03.12.2022 <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000727/>> Accessed 03.12.2022.
6. Qazaqstan Respublikasy Auyıl sharuashylygy Ministrlygy. (2020, 1 qazan). «Jer qatynastary salasyndagy memlekettik qyzmetterdi korsetu jonindegi qagidalardy bekıtu turaly». (Buıryq № 301.) <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021366>> Accessed 02.12.2022.
7. Qazaqstan Respublikasy Auyıl sharuashylygy Ministrlygy. (2019, 3 shilde). «Sharua nemese fermer qojalygyn, auyıl sharuashylygy ondırısın jurgızu ushın berilgen auyıl sharuashylygy maqsatyndagy jerlerdi paidalanu monitorinın uıymdastyru men jurgızu qagidalary» (Buıryq № 252.) <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018997>> Accessed 05.12.2022.
8. Qazaqstan Respublikasynyn Sifrlıyq damu, innovasialar jane aerogaryş onerkasıbı ministrlygy (2020).«Memlekettik korsetiletin qyzmetter tızılımın bekıtu turaly» (Buıryq № 39/NQ) Jugingen kuni 03.12.2022 <<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000019982>> Accessed 03.12.2022.
9. Qazaqstan Respublikasynyn Parlamenti. (2003). Jer Kodeksı № 442. <[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442_)> Accessed 03.12.2022.
10. Maidyrova, A.B. Muksimov S.S. (2015). Sovershenstvovanie prosessa okazania gosudarstvennyh uslug v Respublike Kazahstan. Monografia. Astana: Akad.gos.upr. pri Prezidente RK, S 211.
11. Qazaqstan Respublikasynyn Sifrlıyq damu, innovasialar jane aerogaryş onerkasıbı ministrlygy. (2021). 2018-2022 jylarga arналған «Sifrlıyq Qazaqstan» memlekettik bagdarlamasyn 2018-2020 jylдары iske asyru turaly esep Jugingen kuni 03.12.2022 <<https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/documents/details/161189?directionId=14764&lang=kk>> Accessed 03.12.2022.
12. Nurtazin M.S. (2016). Sistema mestnogo gosudarstvennogo upravleniia i gosudarstvennoi slujby oqu quraly.- Almaty, Bastau s 248.
13. Tereşenko L. (2004). Uslugi: gosudarstvennye, publichnye, sostiälnye. Jurnal rossiskogo prava. Moskva. S. 15-23.
14. E.Sidorenko, İ. Barsis, Z.Hisamova, (2019) Effektivnost sifrovogo gosudarstvennogo upravleniia teoriticheskie i prikladnye aspekty. Voprosy gosudarstvennogo i munisipälного upravleniia. №2. s 93-114.

## ЦИФРОВИЗАЦИИ В СФЕРЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И ВОЗМОЖНОСТИ

**Айжан ЖАКУПБАЕВА**, магистрант Института управления Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, [A.Zhakupbayeva@apa.kz](mailto:A.Zhakupbayeva@apa.kz)

## DIGITALIZATION IN THE SECTOR OF LAND RELATIONS: CURRENT STATE AND OPPORTUNITIES

**Aizhan ZHAKUPBAEVA**, Master student of the Institute of Management, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, [A.Zhakupbayeva@apa.kz](mailto:A.Zhakupbayeva@apa.kz)